Бекітемін
Ілияс Жансүгіров атындағы
Жетісу университетінің
Басқарма Төрағасы –Ректор м.у.а.

_____Б.Таубаев

«26» 06 _____2024 ж.

Құқық және экономика жоғары мектебі

Кешенді емтихан

БАҒДАРЛАМАСЫ

Келесі пәндер бойынша
1. Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы (жалпы бөлім)
2. Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы (ерекше бөлім)
3. Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу құқығы

6В04201 – Құқықтану ББББ бойынша студенттерге арналған

2023-2024 оқу жылы

Талдықорған, 2023 ж.

Құқық және экономика жоғары мектебінің жоғары мектебінің кеңесінде қаралды
/ аталуы/

Хаттама № 6 «15» 01. 2024ж.

ББЖ жетекшісі _____ Д.Бекежанов
/аты-жөні/

Келісілді:

Басқарма мүшесі-академиялық мәселелер жөніндегі проректор _____ Б.Таубаев
/қолы, аты-жөні/

Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры _____ Г.Кыдырбаева
/қолы, аты-жөні/

Жоғары мектеп деканы _____ Т.Жумагулов
/қолы, аты-жөні/

Университетінің Ғылыми кеңесінде бекітілген

«26» 02 2024 ж. № 7 хаттама

Түсіндірме хат

6В04201 - «Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша қорытынды аттестаттау базалық және бейіндік пәндер бойынша жүргізіледі. Қорытынды кешенді емтиханға дайындық сұрақтары 3 негізгі блоктан тұрады:

1 блок – «Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы (жалпы бөлім)» (30 сұрақ);

«Қазақстан Республикасының Қылмыстық құқығы (жалпы бөлім)» Қазақстан Республикасында «Құқықтану» білім беру бағдарламалары бойынша маман дайындауды жүргізетін жоғары оқу орындарында оқытылатын пән болып табылады. Бұл оқу пәндері демократиялық құқықтық мемлекет мұқтаждықтарына қарай ұдайы өзгеріп отыратын қылмыстық құқық ғылымының теориялық ережелерін ғана емес, сонымен бірге қылмыстық заңнама мен оны қолдану тәжірибесін де игеруді көздейді. Сондықтан олардың мазмұны қолданыстағы қылмыстық заңнаманың концептуалды мазмұнына және мемлекеттің жалпы құқықтық саясатының маңызды буыны болып табылатын қылмыстық саясатына толық негізделген.

«Қазақстан Республикасының Қылмыстық құқығы (жалпы бөлім)» оқу пәнінің затын қылмыстық заңнама және қылмыстық құқық ғылымы құрайды. Қылмыстық құқықтың жалпы бөлігі жалпы принциптер, институттар мен категориялар көзделетін, қылмыстық жауаптылықтың негіздері мен шектерін және жаза мен өзге де қылмыстық құқықтық ықпал ету шараларын қолданудың, қылмыстық жауаптылық пен жазадан босатудың тәртібі мен жағдайларын анықтайтын негізгі ережелер бекітілетін нормалардан тұрады. Жалпы бөлік нормаларында қылмыстық құқықтың негізгі ұғымдары – қылмыстық заң, қылмыстық құқық бұзушылық пен жазаға қатысты неғұрлым маңызды сұрақтар реттеледі.

Пәннің мақсаты: Білімгерлердің Қазақстан Республикасы қылмыстық құқығының Жалпы бөлігі бойынша терең теориялық білім алуы және осы негізде олардың сот пен құқық қорғау органдарына жүктелген міндеттерді табысты атқаруына қажет болатын дағдылар мен қабілеттіліктерді иемденуі осы оқу пәнінің **мақсаты** болып табылады.

2 блок – «Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы (ерекше бөлім)» (30 сұрақ);

«Қазақстан Республикасының Қылмыстық құқығы (ерекше бөлім)» «Құқықтану» білім беру бағдарламалары бойынша маман дайындауды жүргізетін Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарында оқытылатын пән болып табылады. Құқықтық реттеу пәні мен әдістері қылмыстық құқықты басқа салалардан ерекшелейді. Бірақ оның әрекет ету аясы басқа құқық салаларымен тығыз байланысты (әкімшілік, қылмыстық іс жүргізу, қылмыстық-атқару құқығы).

Қылмыстық құқықтың Жалпы және Ерекше бөлімдері бір-бірімен тығыз байланысты және біртұтас қылмыстық-құқықтық нормалар жүйесі ретінде қылмыстық құқықты көрсетеді. Қылмыстық құқықтың Ерекше бөлігі нақты қылмыстық құқық бұзушылықтарды және оларды жасағаны үшін тағайындалатын жазаны анықтайтын нормалардан тұрады. Пәннің мазмұны 3 шілде 2014 жылғы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің жүйесіне сәйкес оқытылады.

Курс адамға, қоғамға және мемлекет үшін қауіпті, қылмыстық құқық бұзушылық болып табылатын әрекеттердің шеңберін және заңдық белгілерін белгілейтін Қазақстан Республикасы Қылмыстық құқығының Ерекше бөлімі нормаларын терең зерттеуге арналған. Қылмыстық құқық курсын оқыту білімгерге терең теориялық білімдерді қалыптастыруға және соның негізінде құқық қорғау органдарына жүктелген міндеттерді тиімді орындау үшін қажетті дағдыларды баулуға бағытталған.

Пәннің мақсаты: Оқу пәнінің мақсаты білімгерлердің Қазақстан Республикасы Қылмыстық құқығының Ерекше бөлімі бойынша теориялық білімдер алу және құқық

қолдану органдарына жүктелген міндеттерді тиімді орындау үшін қажетті дағдыларды алуға үйрету болып табылаты.

3 блок – «Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу құқығы» (30 сұрақ);

Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу құқығы курсы студенттерге осы құқық саласының іргелі негіздері мен ережелерін оқып үйренуге, қылмыстық сот ісін жүргізуде қолданылатын негізгі қағидаттарды, іс жүргізу нысандарын және іс жүргізу тәртібін түсінуге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу құқығының нормаларын нақты білу, қылмыстық цикл пәндерін одан әрі оқудың қажетті шарты болып табылады.

Мемлекеттің құқықтық саясатының тұжырымдамасында еліміздің барлық құқық қорғау органдарының қызметін түбегейлі қайта құрудың, олардың кадрлық корпусын қалыптастырудың түбегейлі міндеті нақты тұжырымдалған, бұл қылмыстық қудалау органдары үшін жоғары білікті заңгерлерді кәсіби даярлау деңгейін арттыруды талап етеді.

Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу құқығы барлық болашақ заңгерлер меңгеретін оқу пәні болып табылады. Қылмыстық іс жүргізу құқығы оның бір саласын құрайтындықтан, оны меңгеру үшін қазақстандық құқығын білу қажет. Бұл үлкен және күрделі құқық саласы. Ол қылмыстық істер бойынша әділ сот төрелігін қамтамасыз етуге, осыған қажетті кепілдіктер жасауға, қылмыстарды тез арада ашуға және оларды жасаған кінәлі адамдарды жауапқа тартуға, құқықтық алғышартты болып табылады.

Пәннің мақсаты: Қазақстан Республикасында қылмыстық іс жүргізу құқық саласы туралы түсінігін, оның ұлттық құқық жүйесіндегі орнын қалыптастыру. Қылмыстық іс жүргізу заңнамасының негізгі ережелерін қолдана алу. Қылмыстық іс жүргізу құқығы нормаларын қолдану, дәлел

1 БЛОК. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҒЫ (ЖАЛПЫ БӨЛІМ)

1. Қылмыстық құқықтың қағидалары.

Қылмыстық құқықтың салалық принциптері: заңдылық, әділділік, азаматтардың заң алдындағы теңдігі, жеке кінәлі жауаптылық, ізгілік және қудалауды үнемдеу, жауаптылық пен жазаның болмай қоймайтындығы, жауаптылық пен жазаны жеке саралау және даралау. Қылмыстық құқық принциптерін заңда бекіту мәселесі. Мемлекеттің қылмыстық саясатының тарихи шарттылығы.

2. Қылмыстық құқықтың міндеттері.

Адамның және азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, меншікті, ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті, қоршаған ортаны, Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысы мен аумақтық тұтастығын, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қоғамға қауіпті қолсұғушылықтан қорғау. Бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігін сақтау. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу.

3. Қылмыстық құқықтың қайнар көздері.

Халықаралық келісім-шарттар мен халықаралық құқықтың жалпы қағидалары қылмыстық құқықтың қайнар көзі ретінде. Конституция мен заң. Заңға сәйкес акт және сот прецеденттері. Сот тәжірибесі. Конституциялық сот органдарының шешімдері. Әдет-ғұрып және доктрина. Қылмыстық кодекс.

4. Қылмыстық заңның жүйесі және оның түрлері. Қылмыстық заңның уақыт, кеңістік және тұлғалар шеңберіндегі күші.

Қылмыстық заңның жүйесінің түсінігі. Қылмыстық құқық жүйесі: Жалпы бөлім. Қылмыстық-құқықтық институттар мен нормалар. Қылмыстық заңның уақыт бойынша күші. Қылмыстық заңның кеңістікте қолданылуы. Қылмыстың заңның тұлғалар шеңберіндегі қолданылуы. Экстрадиция.

5. Қылмыстық құқық бұзушылықтың түсінігі.

Қылмыстық құқық бұзушылық ұғымы. Қылмыстық құқық бұзушылықтарды және қылмыстарға бөлуге негізделген критерийлер. Әртүрлі негіздер бойынша қылмыстық құқық бұзушылықтарды жіктеу. Қылмыс. Қылмыстық теріс қылық. Қылмыстарды санаттау.

6. Қылмыстық құқық бұзушылықтың белгілері.

Қылмыстың тұжырымдамасы мен белгілері. «Қылмыстық құқықтың» қылмыстық құқық санатына бөлудің тәжірибелік маңыздылығы. Маңызы шамалы әрекет. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың өзге де құқық бұзушылықтардан және қоғамға қарсы қылмыстардан ерекшеліктері.

7. Қылмыстық жауаптылық және оның негіздері.

Құқықтық жауаптылықтың дербес түрі ретіндегі қылмыстық жауаптылық түсінігі. Қылмыстық жауаптылық мәні және оның түрлері (позитивті және ретроспективті). Қылмыстық жауаптылықтың заңда бекітілген негізі. Қылмыстық жауаптылық негізі (негіздері) туралы сұрақтың теориялық қырлары. Қылмыстық жауаптылық және қылмыстық құқықтық қатынастар. Қылмыстық құқықтық қатынас субъекттері және мазмұны. Қылмыстық жауаптылықтың пайда болуы, іске асырылуы және тоқтатылуы. Жаза мен өзге де қылмыстық құқықтық ықпал ету шаралары қылмыстық жауаптылықты іске асыру нысандары ретінде.

8. Қылмыстық құқық бұзушылықтың объектісі.

Қылмыстық құқық бойынша қылмыстық құқық бұзушылық объектісінің түсінігі. Қылмыстық заң қылмыстық құқықтық қорғау объекттері және олардың иерархиясы туралы. Қылмыстық құқық бұзушылық объекттерінің түрлері (тігінен жіктеу): жалпы, топтық, тікелей. Қылмыстық құқық бұзушылық объекттерінің жіктемесінің Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлімін жүйелендіру үшін маңызы. Көпобъектілі қылмыстық құқық

бұзушылықтардағы тікелей объекттердің түрлері (көлденеңінен жіктеу): негізгі, қосымша, факультативті. Қылмыстық құқық бұзушылық заты және оның саралаудағы маңызы. Қылмыстық құқық бұзушылық объектісі мен затының арақатынасы. Жәбірленушінің жеке басы және оның саралаудағы маңызы.

9. Қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағы.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағының түсінігі және маңызы. Қылмыстық құқық бұзушылық құрамының объективтік жағын сипаттайтын белгілер. Объективтік жақ белгілерін міндетті және факультативті белгілерге бөлу. Қоғамға қауіпті іс-әрекет. Әрекет және әрекетсіздік қоғамға қауіпті іс-әрекеттің нысандары ретінде. Қылмыстық құқық бұзушылық зардабының түсінігі және түрлері. Материалды, формалды және келте құрамдас қылмыстық құқық бұзушылықтар. Қоғамға қауіпті әрекет пен қоғамға қауіпті зардап арасындағы себептік байланыс. Қылмыстық құқық бұзушылық жасау тәсілі, орны, уақыты, жағдайы, қаруы мен құралы қылмыстық құқық бұзушылық құрамының объективтік жағын сипаттайтын белгілер ретінде.

10. Қылмыстық құқық бұзушылықтың субъектісі.

Қылмыстық құқық бойынша қылмыстық құқық бұзушылық субъектісінің түсінігі және маңызы. Қылмыстық жауаптылық жасына жету қылмыстық құқық бұзушылық субъектісінің міндетті белгісі ретінде. Жауаптылық 14 жастан бастап белгіленетін қылмыстық құқық бұзушылықтар. Есі дұрыстық қылмыстық құқық бұзушылық субъектісінің міндетті белгісі ретінде. Шектеулі есі дұрыстық және жасы бойынша шектеулі есі дұрыстық, олардың қылмыстық жауаптылыққа ықпалы. Есі дұрыс еместік түсінігі. Есі дұрыс еместіктің құқықтық және медициналық жіктері. Қоғамға қауіпті әрекетті жасаған адамды есі дұрыс емес деп танудың құқықтық салдары. Қылмыстық құқық бұзушылықтың арнайы субъектісі түсінігі және түрлері. Қазақстанда заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығын енгізу перспективалары.

11. Қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективті жағы.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағының түсінігі және маңызы. Кінә қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағының міндетті белгісі ретінде. Кінә мазмұнындағы интеллектуалды және ерікті компоненттердің арақатынасы кінә нысандарын ажырату жіктері ретінде. Қасақаналық және оның түрлері. Абайсыздық және оның түрлері. Объективті айып тағуға жол берілмеушілік. Кінәсіздікпен зиян келтірудің заңда бекітілген түрлері. Бір қылмыстық құқық бұзушылықта кінәнің екі нысанының үйлесімдігінің мүмкіндігі. Кінәнің екі нысанымен жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін жауаптылық. Ниет және мақсат қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағының белгілері ретінде. Қылмыстық құқықтағы қателесу түсінігі және түрлері. Фактілі қателесудің кінә мен қылмыстық жауаптылыққа әсері.

12. Жеке құрамдағы қылмыстық құқық бұзушылықтар.

Жеке құрамдағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың түсінігі. Күрделі, дара, жалғаспалы, созылмалы, құрамдас, баламалы әрекетті, баламалы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Кінәнің екі нысанмен жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтардан айырмашылығы.

13. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігі.

Қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігінің тек заңда бекітілген нысандарының ғана болатындығы. Бірнеше реттіліктің саралауға және жазаға әсері. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірнеше рет жасалуының түсінігі, белгілері және түрлері. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығының түсінігі мен түрлері. Нақты жиынтық. Қылмыстардың идеалды жиынтығы. Қылмыстардың қайталануы туралы түсінік, белгілері мен түрлері. Жалпы қайталану. Арнайы қайталану. Пенитенциарлы қайталану. Жазаның қайталануының әсері.

14. Қылмыстық құқық бұзушылық жасау сатылары.

Қасақана қылмыс жасау сатыларының түсінігі және түрлері. Қасақаналықтың айқындалуының жазаланбаушылығы. Дайындалу және оқталу аяқталмаған қылмыс

түрлері ретінде. Қылмысқа дайындалу түсінігі және белгілері. Дайындалудың қасақаналықтың айқындалуынан айырмашылығы. Қылмысқа дайындалудың жазаланушылығының шектері. Қылмысқа оқталу түсінігі және белгілері. Қылмысқа оқталудың дайындалудан және аяқталған қылмыстан айырмашылығы.

15. Қылмысқа дайындалу, қылмыс жасауға оқталу: түсінігі, белгілері және жауапкершіліктің ерекшеліктері.

Қылмысқа дайындалу түсінігі және белгілері. Қылмысқа оқталу түрлері. Аяқталған қылмыстық құқық бұзушылық түсінігі. Қылмыстық құқық бұзушылық құрамының конструкциясы және оның аяқталу мезеті. Қылмыстық құқық бұзушылықтан өз еркімен бас тарту түсінігі белгілері және құқықтық салдары. Өз еркімен бастартудың шынайы өкінуден айырмашылығы. Қылмысқа дайындалудың белгілері және түсінігі. Қылмысқа дайындалу мен жасырын ниетті анықтаудан айырмашылығы. Қылмысқа дайындалудың жазалау шегі. Қылмысқа оқталудың түсінігі мен белгілері. Қылмысқа оқталудың дайындалу мен аяқталған қылмыстан айырмасы. Оқталудың түрлері. Қылмысқа оқталу үшін жауапкершілік тағайындау.

16. Аяқталған қылмыстық құқық бұзушылықтың ерекшелігі және құрамы. Аяқталған қылмыстық құқық бұзушылық тұжырымдамасы. Қылмыстық құқық бұзушылық құрылымы және оны тоқтату сәті. Қылмыстық құқық бұзушылықтан өз еркімен бас тартудың тұжырымдамасы, ерекшеліктері және құқықтық салдары. Айырмашылық - белсенді түрде өкінуден өз еркімен бас тарту.

17. Қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысу.

Қылмыстық құқықбұзушылыққа сыбайлас қатысу түсінігі. Сыбайлас қатысудың объективті және субъективті белгілері. Ортақ қылмыстық құқық бұзушылықта атқаратын функцияларының сипатына қарай сыбайлас қатысушылардың түрлері орындаушы ұйымдастырушы, айдап салушы және көмектесуші. Сыбайлас қатысу нысандары оларды ажырату жіктері. Адамдарының алдын ала сөз байласқан адамдар тобының қылмыстық топтың құқықтық сипаттамасы. Қылмыстық топ түрлері және олардың айрықшалық белгілері. Сыбайлас қатысу нысандарының саралауға және жазаға әсері.

18. Топ жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін қылмыстық жауаптылық.

Қылмыстық топтардың түрлері және олардың ерекшеліктері. Алдын ала сөз байласқан адамдар тобы мен қылмыстық топтың заңды сипаттамалары. Қатысу формаларының біліктілік пен жазалауға әсері. Қылмыс жасағаны үшін қылмыстық іс бойынша серіктестің артуы. Арнайы пәнмен қылмыстық құқық бұзушылықтармен күресте. Қате қатысудың жауапкершілігі. Қылмыс жасағаны үшін қылмыстық іс бойынша шағымданушылардың ерікті бас тартуының ерекшеліктері.

19. Ұйымдасқан қылмыстық бірлестіктердің қатысушыларының қылмыстық жауапкершілігі.

Кінәлілердің қылмыстық жауапкершілігінің негіздері мен шектері. Қылмысқа қатысты тұжырымдамасы, оның нысандары және қылмыстық әрекеттерге қатысудан айырмашылығы. Ұйымдасқан қылмыстық әрекеттерді арнайы қылмыстық жолмен жүргізу жолдары. Қылмыстық бірлестіктердің түрлері. Жалпы сипаттағы қылмыстық бірлестіктерді саралау. Қылмыстық ұйымның анықтамасы.

20. Іс-әрекеттің қылмыс екендігін жоятын мән-жайлар.

Іс-әрекеттің қылмыс екендігін жоққа шығаратын мән-жай тұжырымдамасы. Іс-әрекеттің қылмыс екендігін жоққа шығаратын мән-жайлар институтының маңыздылығы. Қажетті қорғаныс. Қажетті қорғаныстың заңдға сыйымды шарттары. Қажетті қорғаныс шегінен асып кету. Құқықтық қорғау және оның құқықтық салдары. Қол сұғушылық жасаған адамды ұстау кезінде зиян келтіру. Қол сұғушылық жасаған адамды ұстау кезінде зиян келтірудің заңға сыйымды шарттары. Аса қажеттілік. Аса қажеттілік жағдайында зиян келтірудің заңды шарттары. Аса қажеттілік пен қажетті қорғаныс арасындағы айырмашылық. Жедел-іздестіру, қарсы барлау іс-шараларын немесе жасырын тергеу

әрекеттерін жүзеге асыру. Жедел-іздестіру, қарсы барлау іс-шараларын немесе жасырын тергеу әрекеттерін жүзеге асыру кезінде зиян келтірудің заңдылығын қамтамасыз ету шарттары. Негізді тәуекел ету және оның заңдылығы. Күштеп немесе психикалық мәжбүрлеу. Бұйрықты немесе өкімді орындау.

21. Жазаның түсінігі мен мақсаты.

Қылмыстық жаза түсінігі және мәні. Жаза белгілері. Жазаның жазаның мемлекеттік мәжбүрлеудің өзге шараларынан айырмашылығы. Жазаның қылмыстық құқықтық ықпал ету шараларының жүйесіндегі орны. Жаза мақсаттары. Әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру. Сотталған адамды түзеу. Жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаудың алдын алу (жалпы және арнаулы превенция). Қылмыстық жазалардың тиімділігінің ұғымы. Заманауи Қазақстандағы бас бостандығынан айыруға байланысты емес қылмыстық жазаларды қолдану аясын кеңейту саясаты.

22. Қылмыстық жаза жүйесінің түсінігі.

Қылмыстық жаза жүйесінің түсінігі және маңызы. Қылмыстық заңнамада және қылмыстық құқық теориясында жазаларды әралуан жіктер бойынша жіктеу. Негізгі жазаның аралас (қылмыстық теріс қылық үшін де, қылмыс үшін де тағайындалатын) түрлерінің сипаттамасы: айыппұл; түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту. Тек қылмыстық теріс қылықтар үшін тағайындалатын негізгі жазалардың сипаттамасы: қамаққа алу.

23. Жазалардың түрлері және жүйесі.

Тек қылмыстар үшін тағайындалатын негізгі жазалардың сипаттамасы: бас бостандығын шектеу; бас бостандығынан айыру. Қосымша жазалардың сипаттамасы: мүлкін тәркілеу; арнаулы, әскери немесе құрметті атақтан, сыныптық шеннен, дипломатиялық дәрежеден, біліктілік сыныбынан және мемлекеттік наградалардан айыру; белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру; Қазақстан Республикасының азаматтығынан айыру; шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу.

24. Жазаны тағайындау.

Жаза тағайындаудың жалпы негіздерінің түсінігі. Жаза тағайындаудың жалпы негіздерінің мазмұнын құрайтын ережелер (талаптар), оларды бұлжытпай сақтаудың маңызы. Жаза тағайындауда есепке алынуға тиіс мән- жайлар. Қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар. Белгілі бір қылмыстық құқық бұзушылық үшін көзделген жазадан гөрі неғұрлым жеңіл жаза тағайындау. Қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығы бойынша жаза тағайындау. Үкімдердің жиынтығы бойынша жаза тағайындау. Жаза мерзімдерін қосу кезінде мерзімдерді айқындау. Жаза тағайындаудың жеке (арнаулы) негіздері: аяқталмаған қылмыс; сыбайлас қатысып жасалған қылмыстық құқық бұзушылық үшін; қылмыстардың қайталануында жаза тағайындау. Жаза мерзімдерін есептеу және жазаны есепке алу.

25. Қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босату түсінігі.

Жазадан босату түсінігі. Жазадан босату институтының маңызы. Жазадан босату түрлері: жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату; жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыру не тағайындалған жаза мерзімін қысқарту; жазаны өтеуді кейінге қалдыру; ауруға шалдығуына байланысты жазадан босату; ауыр мән-жайлардың тоғысуы салдарынан жазадан босату және жазаны өтеуді кейінге қалдыру; айыптау үкімінің ескіру мерзімінің өтуіне байланысты жазаны өтеуден босату; рақымшылық немесе кешірім жасау актісі негізінде жазадан босату.

26. Қылмыстық жауаптылықтан босату түрлері.

Қылмыстық жауаптылықтан босату түсінігі, қылмыстық жауаптылықтан босатудың қылмыстық құқықтың іргелес институттарынан айырмашылығы. Қылмыстық жауаптылықтан босату институтының маңызы. Қылмыстық жауаптылықтан босату түрлері: жалпы және арнайы. Қылмыстық жауаптылықтан босатудың жалпы түрлері: шынайы өкінуіне байланысты; қажетті қорғаныс шегінен шығу кезінде; процестік

келісімнің талаптары орындалған кезде; татуласуға байланысты; кепілгерлік белгіленуіне байланысты; жағдайдың өзгеруіне байланысты; ескіру мерзімінің өтуіне байланысты; рақымшылық актісі негізінде. Қылмыстық жауаптылықтан босатудың Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлігінің баптарында көзделген арнайы түрлері. Қылмыстық жауаптылықтан босатуға уәкілеттік берілген лауазымды адамдар. Қылмыстық жауаптылықтан босатудың құқықтық салдары

27. Соттылық.

Сотталғандық түсінігі. Сотталғандық қылмыс үшін сотталудың құқықтық салдары ретінде. Сотталғандықты қылмыстардың қайталануының түрін анықтағанда және жаза тағайындағанда ескеру. Сотталғандықты жою мерзімдері. Кәмелетке толмағандардың сотталғандық атағын жою мерзімдері.

28. Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы.

Он сегіз жасқа дейін қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдардың қылмыстық жауаптылығының жалпы сұрақтары. Кәмелетке толмағандарға тағайындалатын жазалар. Айыппұл. Түзеу жұмыстары. Қоғамдық жұмыстарға тарту. Бас бостандығынан шектеу. Бас бостандығынан айыру. Белгілі бірқызметпен айналысу құқығынан айыру. Кәмелетке толлмағандарға жаза тағайындау. Кәмелетке толмағандарды қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босату. Кәмелетке толмағандарды жазаны өтеуден шартты түрде босату. Он сегіз жасқа дейін қылмыстық жазаланушы әрекет жасаған адамдарды қылмыстық жауаптылық пен жазадан босатудың ерекшеліктері. Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығының өзге де ерекшеліктері. Қазақстандағы қылмыстық жауаптылық пен жазадан босату шарттарын кеңейту арқылы кәмелетке толмағандарды қылмыстық қудалау аясын біртіндеп тарылтуға бағыт.

29. Кәмелетке толмағандарға қолданылатын тәрбиелік ықпалы бар мәжбүрлеу шаралары.

Кәмелетке толмағандарға қолданылатын тәрбиелік ықпалы бар мәжбүрлеу шаралары, олардың қылмыстық жазадан айырмашылығы. Ескерту. Ата-аналарының немесе оларды алмастыратын адамдардың не мамандандырылған мемлекеттік органның қадағалауына беру. Келтірілген зиянды қалпына келтіру міндетін жүктеу. Бос уақытын шектеу және кәмелетке толмаған адамның мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеу. Ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымына орналастыру. Жәбірленушіден кешірім сұрау міндеттемесін жүктеу. Пробациялық бақылау белгілеу.

30. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары.

Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларының түсінігі, қолдану мақсаттары мен құқықтық табиғаты. Бұл шаралардың жазадан айырмашылығы. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану негіздері. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қолданылатын адамдар шеңбері. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларының түрлері. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдануды ұзарту, өзгерту және тоқтату. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қолданылғаннан кейін жаза тағайындау. Жазаны орындаумен біріктірілген медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары.

2 БЛОК. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҒЫ (ЕРЕКШЕ БӨЛІМ)

1. Қазақстан Республикасы қылмыстық құқығы Ерекше бөлімінің түсінігі, жүйесі, маңызы

Қылмыстық құқықтың Ерекше бөлімінің түсінігі және маңызы. Қылмыстық құқықтың Жалпы және Ерекше бөлімдерінің бірлігі. Құқықтық мемлекет қалыптастыру және нарықтық экономика жағдайындағы қылмыстық құқықтың Ерекше бөлімінің міндеттері. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың түсінігі, маңызы, саралау кезеңдері.

2. Жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар

Қазақстан Республикасының Конституциясы жеке адамға қол сұғылмаушылық, Қазақстан Республикасында азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының кепілдіктері, адам өмірі мен денсаулығын қорғау туралы. Жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың түсінігі және түрлері. Өмірге қарсы қылмыстар. Өмірге қарсы басқа да қылмыстар. Денсаулыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Адамның өмірі мен денсаулығын қауіпті жағдайда қалдыратын қылмыстық құқық бұзушылықтар. Жыныстық бостандық пен жыныстық қолсұғылмаушылыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Адамның жеке бас бостандығына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Адамның ар-намысы мен қадір-қасиетіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Шынайы өкінудің арнаулы түрлері негізінде қылмыстық жауаптылықтан босату.

3. Адамның өміріне қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар

Адамның өміріне қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар сипаттамасы. Адам өлтіру. Жаңа туған баланы анасының өлтіруі. Аффект жағдайында жасалған адам өлтіру. Қажетті қорғаныс шегінен шығу кезінде жасалған адам өлтіру. Қылмыс жасаған адамды ұстап алу үшін қажетті шаралар шегінен шығу кезінде жасалған адам өлтіру. Абайсызда қазаға ұшырату. Өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу. Өмірге қарсы басқа да қылмыстар. Адамның өміріне қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау ерекшеліктері.

4. Адамның денсаулығына қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар

Адамның денсаулығына қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың сипаттамасы мен түрлері. Денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру. Денсаулыққа қасақана ауырлығы орташа зиян келтіру. Қинау. Аффект жағдайында денсаулыққа зиян келтіру. Қажетті қорғаныс шегінен шығу кезінде денсаулыққа ауыр зиян келтіру. Қылмыс жасаған адамды ұстап алу кезінде денсаулыққа ауыр зиян келтіру. Денсаулыққа абайсызда зиян келтіру

5. Адам өміріне және денсаулығын қауіпте қалдыратын қылмыстық құқық бұзушылықтар.

Адам өміріне және денсаулығын қауіпте қалдыратын қылмыстық құқық бұзушылықтардың түсінігі. Адам өміріне және денсаулығын қауіпте қалдыратын қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрлері. Адамның иммун тапшылығы вирусын (АИТВ/ЖИТС) жұқтыру. Адамның ағзалары мен тіндерін алып қоюға мәжбүрлеу немесе заңсыз алып қою. Соз ауруын жұқтыру. Қауіпті жағдайда қалдыру. Адам өміріне және денсаулығын қауіпте қалдыратын қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау негіздері.

6. Жыныстық тиіспеушілік пен жыныстық еркіндікке қолсұғатын қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар

Жыныстық тиіспеушілік пен жыныстық еркіндікке қолсұғатын қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың сипаттамасы. Зорлау. Сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттері. Он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынас немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттер жасау. Жыныстық қатынас жасауға, еркек пен еркектің жыныстық қатынас жасауына, әйел мен әйелдің жыныстық қатынас жасауына немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттерге мәжбүр ету. Жас балаларды азғындық жолға түсіру.

7. Адамның жеке бас бостандығына, ар-намысы мен қадір-қасиетіне қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар

Адамның жеке бас бостандығына, ар-намысы мен қадір-қасиетіне қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар түсінігі. Адамның жеке бас бостандығына, ар-намысы мен қадір-қасиетіне қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар түрлері. Адам ұрлау. Бас бостандығынан заңсыз айыру. Психиатриялық стационарға заңсыз орналастыру. Адам саудасы. Адамды клондау. Қорлау.

8. Отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар

Отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар түсінігі мен түрлері. Қазақстан Республикасының Конституциясы отбасы мен кәмелетке толмағандардың мүдделерін қорғау туралы. Отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттамасы. Кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Отбасына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.

9. Адам және азаматтың конституциялық және өзге де құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.

Адам және азаматтың конституциялық және өзге де құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар жалпы сипаттамасы. Адам және азаматтың жеке құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Адам және азаматтың саяси құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Адам және азаматтың экономикалық-әлеуметтік құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.

10. Бейбітшілікке қарсы қылмыстар

Бейбітшілік қылмыстық-құқықтық қорғау объектісі ретінде. Бейбітшілікке қарсы қылмыстардың түсінігі және түрлері. Нюрнберг трибуналының Жарғысы бойынша бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қылмыстарды топтастыру. Бейбітшілікке қарсы қылмыстар. Мемлекеттің халықаралық ынтымақтастығына қарсы қылмыстар. Бейбітшілікке қарсы қылмыстарды сарлау ерекшеліктері.

11. Адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар

Адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстардың жалпы сипаттамасы. Адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстардың түрлері. Геноцид үшін қылмыстық жауаптылық. Экоцид қылмысын саралау ерекшеліктері. Жаппай қырып-жою қаруын өндіру, иемдену немесе өткізу. Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни алауыздықты қоздыру.

12. Мемлекеттің конституциялық құрылыс негіздеріне және қауіпсіздігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар

Конституциялық құрылыстың негіздері мен мемлекет қауіпсіздігі қылмыстық-құқықтық қорғау объектісі ретінде. Конституциялық құрылыстың негіздеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының өміріне қол сұғушылық; Қазақстан Республикасы Президентінің өміріне қол сұғушылық. Мемлекеттің қауіпсіздігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар (мемлекеттің сыртқы қауіпсіздігіне қарсы бағытталған қылмыстық құқық бұзушылықтар; мемлекеттің ішкі қауіпсіздігіне қарсы бағытталған қылмыстық құқық бұзушылықтар).

13. Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар

Қазақстан Республикасы Конституциясы меншік нысанына қарамастан меншік құқығын қорғау туралы. Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың түсінігі және түрлері. Бөтен мүлікті жымқырудың түсінігі, белгілері. Бөтен мүлікті жымқырудың нысандары мен түрлері (ұрлық, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу, алаяқтық, тонау, қарақшылық). Жымқыру болып табылмайтын меншікке қарсы пайдакүнемдік қылмыстық құқық бұзушылықтар. Бөтен мүлікті жою немесе бүлдіру.

Ұрлықтың мәні мен белгілері. Ұрлаудың нысандары мен түрлері (ұрлық, сеніп тапсырылған мүлікті ұрлау, тонау, алаяқтық, қарақшылық). Ұрлыққа жатпайтын қылмыстық іс. Біреудің мүлкіне зақым келтіру немесе бүлдіру.

14. Ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар

Электрондық жеткізгіштегі заңмен қорғалатын ақпараттың, ақпараттық жүйенің немесе телекоммуникациялар желісінің құпиялылығына, тұтастығына және

қолжетімдігіне қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар. Ақпарат, ақпараттық жүйе, телекоммуникация желісі, ақпаратты түрлендірудің түсінігі. Зиян келтіретін компьютерлік бағдарламалар мен бағдарламалық өнімдер түсінігі. Ақпараттандыру және байланыс саласындағы басқа да қылмыстық құқық бұзушылықтар.

15. Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар

Қазақстан Республикасы Конституциясы экономмикалық қызметті және шаруашылық субъектілерінің мүдделерін қорғау туралы. Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың түсінігі және түрлері. Кәсіпкерлік және өзге де экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Ақша-несие саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Қаржылық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Кеден саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Салық саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Банкроттықпен байланысты экономимкалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Экономимкалық қызмет саласындағы өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар.

16. Банк қызметі саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар

Банк қызметі саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттамасы. Заңсыз кәсіпкерлік, заңсыз банктік, микроқаржылық немесе коллекторлық қызмет. Кредитті заңсыз алу немесе бюджеттік кредитті мақсатсыз пайдалану. Бағалы қағаздар эмитенті лауазымды адамының ақпарат бермеуі не көрінеу жалған мәліметтер беруі. Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізіліміне көрінеу жалған мәліметтер енгізу. Бағалы қағаздар нарығы кәсіби қатысушыларының көрінеу жалған мәліметтер беруі. Бағалы қағаздармен операциялар жүргізу қағидаларын бұзу. Бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау. Мәміле жасауға немесе оны жасаудан бас тартуға мәжбүрлеу.

17. Коммерциялық және өзге де ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар

Коммерциялық және өзге ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттамасы. Өкілеттіктерді теріс пайдалану. Жекеше нотариустардың, бағалаушылардың, жеке сот орындаушыларының, медиаторлардың және аудиторлық ұйым құрамында жұмыс істейтін аудиторлардың өкілеттіктерді теріс пайдалануы. Жекеше күзет қызметтері қызметшілерінің өкілеттіктерін асыра пайдалануы. Параға коммерциялық сатып алу. Міндеттеріне адал қарамау.

18. Қоғамдық қауіпсіздікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар

Қоғамдық қауіпсіздік қылмыстық-құқықтық қорғау объектісі ретінде. Қоғамдық қауіпсіздікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың түсінігі және түрлері. Қоғамдық қауіпсіздікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Қауіпсіздіктің арнайы ережелерін бұзумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар. Жалпыға қауіпті заттардың айналымының белгіленген тәртібін бұзумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар.

19. Қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар

Қоғамдық тәртіп қылмыстық-құқықтық қорғау объектісі ретінде. Қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың түсінігі және түрлері. Қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар түсінігі. Бұзақылық қылмысын саралау ерекшеліктері. Вандализм үшін жауаптылық. Жаппай тәртіпсіздік үшін қылмыстық жауаптылық.

20. Халықтың денсаулығына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттамасы

Қазақстан Республикасы Конституциясы халықтың денсаулығын қорғау және имандылық туралы. Халықтың денсаулығына және имандылыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың түсінігі және түрлері. Халықтың денсаулығына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестердің өткізу мақсатында және өткізу мақсатынсыз заңсыз айналымы. Халықтың денсаулығына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау ерекшеліктері.

21. Халықтың имандылығына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар

Имандылыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Жезөкшелікпен айналысуға тарту. Жезөкшелікпен айналысуға арналған притондар ұйымдастыру немесе оларды ұстау және жеңгетайлық. Дәрілік немесе басқа құралдарды пайдаланып есеңгірету үшін притондар ұйымдастыру немесе оларды ұстау. Порнографиялық материалдарды немесе заттарды заңсыз тарату. Кәмелетке толмағандардың порнографиялық бейнелері бар материалдарды немесе заттарды дайындау және олардың айналымы не оларды порнографиялық сипаттағы ойын-сауық іс-шараларына қатысу үшін тарту. Қатыгездік пен күш қолдануға бас ұруды насихаттайтын туындыларды заңсыз тарату. Өлген адамдардың мәйіттерін және олар жерленген жерлерді қорлау. Адам мәйітінің ағзалары мен тіндерін заңсыз алып қою. Жануарларға қатыгездікпен қарау.

22. Медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтар

Медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтардың түсінігі және түрлері. Медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтардың субъектілері. Заңсыз медициналық және фармацевтикалық қызмет немесе кәсіби міндеттерін орындамаумен байланысты медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтар. Басқа да медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтар. Медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтарды жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардан ажырату.

23. Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттамасы

Қазақстан Республикасы Конституциясы адамның өмір сүру ортасы, қоршаған ортаны қорғау туралы. Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың түсінігі және түрлері. Экономиканың маңызды қызмет аясындағы экологиялық қауіпсіздіктің жалпы ережелеріне қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар. Қоршаған ортаны жекелеген компоненттері аясындағы экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар. Қоршаған ортаның құрамдас бөлігі ретінде флора мен фаунаның экологиялық қауіпсіздігіне қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар: түсінігі және түрлері.

24. Жануарлар дүниесін тиімді пайдалану, сақтау және қорғау ережелеріне қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар

Жануарлар дүниесін тиімді пайдалану, сақтау және қорғау ережелеріне қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың түсінігі мен түрлері. Балық ресурстарын, басқа су жануарларын немесе өсімдіктерін заңсыз алу. Балық қорларын қорғау қағидаларын бұзу. Заңсыз аңшылық. Жануарлар дүниесін қорғау қағидаларын бұзу.

25. Көліктегі қылмыстық құқық бұзушылықтар.

Көліктегі қылмыстық құқық бұзушылықтардың түсінігі және жалпы сипаттамасы. Теміржол, әуе, теңіз немесе өзен көлігі жүрісі мен оларды пайдалану қауіпсіздігін қорғау саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Автомотокөлік пен қалалық электрокөліктің жүрісі мен оларды пайдалану қауіпсіздігін қорғау саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Басқа да көліктегі қылмыстық құқық бұзушылықтар.

26. Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар

Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтармен күресудің маңызы. Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар жалпы сипаттамасы. Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтар. Сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтар субъектісінің түсінігі. Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар

27. Басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.

Басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар түсінігі және түрлері. Билік өкіліне қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасының бұзылмаушылығына қол сұғатын қылмыстық құқық

бұзушылықтар. Ресми құжаттардың, мемлекеттік наградалардың және арнайы бағыттағы қаражаттардың айналым тәртібіне қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар. Қарулы күштердің жасақталу тәртібіне қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар. Мемлекет беделіне қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар. Азаматтардың өз құқытарын жүзеге асыру тәртібіне қол сұғу. Жария және басқа да шараларды өткізудің заңмен бекітілген тәртібіне қол сұғу. Мемлекеттік және қоғамдық институттардың арақатынасы қағидаларын және басқа да бекітілген ережелерді бұзумен байланысты қолсұғушылық.

28. Сот төрелігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар

Қазақстан Республикасы Конституциясы сот әділдігі мүдделерін қорғау туралы. Сот төрелігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың түсінігі және түрлері. Сот әділдігінің конституциялық қағидаларын жүзеге асыруды қамтамасыз ететін қатынастарға қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар. Құқыққорғау органдарының қалыпты қызметін қамтамасыз ететін қатынастарға қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар. Іс бойынша шынайы дәлелдемелерді алуды қамтамасыз ететін қатынастарға қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар.

29. Жазалардың орындалу тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар

Жазалардың орындалу тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың түсінігі және түрлері. Сот актілерін жүзеге асыруды қамтамасыз ететін қатынастарға қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар. Сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін не атқарушылық құжатты орындамау. Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарға сот белгілеген әкімшілік қадағалаудан жалтару

30. Әскери қылмыстық құқық бұзушылықтар

Қазақстан Республикасы Конституциясы тәуелсіздігімізді, аумақтық тұтастықты қорғау, Республиканың Қарулы күштерінде борышын өтеу, әскери қызметті өту тәртібі мен түрі туралы. Әскери қызметшілер арасындағы жарғылық қарым-қатынас пен бағыныштылық тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Әскери қызметті атқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Әскери қызметтің арнайы түрлерін атқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Әскери сыбайлас жемқорлық қылмыстар.

3 БЛОК. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫ

1. **Қылмыстық сот ісін жүргізу тәртібін айқындайтын заңнама. Қылмыстық процестің қағидаттары.**

Қылмыстық сот ісін жүргізу тәртібін анықтайтын заңнаманың қайнар көздері. Қазақстан Республикасының Конституциясы қылмыстық іс жүргізу заңнамасының қайнар көзі ретінде. Қазақстан Республикасының Қылмыстық - процестік кодексі, оның міндеттері, жалпы сипаттамасы және құрылысы. Қазақстан Республикасының Қылмыстық- процестік кодексі қылмыстық іс жүргізу құқықтың тікелей қайнар көзі ретінде.

Қылмыстық процесс қағидаттардың түсінігі, маңызы және белгілері. Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген қылмыстық іс жүргізудің қағидаттары. Қылмыстық - процестік кодексінде бекітілген қағидаттар.

Заңдылық. Сот төрелігін соттың ғана жүзеге асыруы. Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғау. Жеке бастың абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеу. Жеке басқа қолсұғылмаушылық. Қылмыстық істер бойынша іс жүргізу кезінде азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау. Жеке өмірге қолсұғылмаушылық. Жазысқан хаттардың, телефон арқылы сөйлескен сөздердің, пошта, телеграф арқылы және өзге де хабарлардың құпиясы. Тұрғынжайға қолсұғылмаушылық. Меншікке қолсұғылмаушылық. Кінәсіздік презумпциясы. Қайтадан соттауға және

